АБАЙ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АБАЯ

**Бекітемін**
Абай ат. ҚазҰПУ ректоры
профессор
С.Ж. Пірәлиев
_________ 2016 ж.

Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми кеңесінің 2016 жылғы 31 мамырдағы
**Шешімі**

| | **төмендегі шешімдер белгіленген мерзімде бұлжытпай орындалсын:** | | |
|---|---|---|---|
| **№ р/с** | **Шешімдер** | **Жауаптылар** | **Орындалу мерзімі** |
| | **«Университеттің 2015-2016 оқу жылындағы тәрбие жұмысының есебі»** | | |
| 1 | 1. ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмаларын орындау, спорт түрлері бойынша құрама командалар жасақтау, 2017 жылы өтетін 28-ші Дүниежүзілік универсиадаға спорттық резервтерді даярлау мақсатында:<br>1.1 «Спартак» спорт кешенінің құрылымын оңтайландыру;<br>1.2 университеттің спорт Клубы жұмысының тиімділігін арттыру мәселесін қарастыру;<br>1.3 республикамыздың спорт саласында спортшыларды даярлауда тәжірибесі мол білікті мамандарып кафедраға жұмысқа тарту тапсырылсын. | Бірінші проректор М.Е. Ермаганбетов, Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев, Экономика және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Ғ.Қ.Тұрабаев, Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Б.А. Әлмұхамбетов, Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі А.Ж. Тастанов | **2016 жылдың 30 тамызына дейін** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Университеттегі жатакхана тапшылығы мәселесінің шешімін табу мақсатында қала аумағынан жатақханаларды жалға алу мәселесін қарастыру тапсырылсын. | Бірінші проректор М.Е. Ермағанбетов, Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев, Экономика және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Ғ.Қ.Тұрабаев | **2016 жылдың 1 қазанына дейін** |
| 3. | Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2020 жылға дейінгі үштілді білім беруді дамыту Жол картасын іске асыру мақсатында университетіміздің барлық оқу ғимараттарында тақырыптық билбордтар, баннерлер, плакаттарды жаңарту және орналастыру тапсырылсын (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). | Тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Е. Ішпекбаев, Экономика және өндірістік мәселелер жөніндегі проректор Ғ.Қ.Тұрабаев, Ректор аппаратының жетекшісі Б.Ө. Сманов, барлық институт директорлары | **2016 жылдың 30 тамызына дейін** |
| 4. | ПОҚ үштілді білім беруге дайындау мақсатында қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қосымша оқыту үшін курстар ұйымдастырылсын. | Оқу ісі жөніндегі проректор А.Т. Құлсариева, Филология институтының директоры Б. Әбдіғазиұлы, Көптілді білім беру институтының директоры Т.Т. Аяпова | **2016 жылдың 1 қазанына деиін** |
| **II** | **«2020 жылға дейінгі Абай атындағы ҚазҰПУ Даму стратегиясы» аясында Тарих және құқық институтының жағдайы мен даму болашағы туралы** | | |
| 1 | 1.1 Бәсекеге қабілетті мамандар дайындап, халықаралық білім беру кеңістігіне енгізу үшін Институттың ПОҚ мен ғылыми қызметкерлерін шетелдік серіктестермен, ҒЗИ және Назарбаев университетімен бірге іргелі және қолданбалы зерттеулерге тарту жұмыстары жүргізілсін. | Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Ғ.Қ. Кенжебаев, Институт директоры Б.С. Жұмағұлов, кафедра меңгерушілері | **2016 жылдың 1 желтоқсанына дейін** |
| | 1.2 ҚР жоғары оқу орындарын жаңғырту жөніндегі 2015-2019 жылдарға арналған іс-шаралар Жоспары мен Абай атындағы ҚазҰПУ үштілді білім берудің Жол картасын жүзеге асыру аясында ағылшын тілінде дайындық жүргізілетін топтар мен мамандықтар санын 4-ке жеткізу, сонымен қатар институтта жұмыс жасауға шетелдік оқытушылар мен мамандық бойынша ағылшын тілін білу | | **2016 жылдың 30 қазанына дейін** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сертификаттары бар оқытушыларды, оның ішінде «Болашак», «Фулбрайт» т.б. халықаралық бағдарламалар түлектерін тарту бойынша ұсыныстар енгізілсін. | | |
| 2 | Институттың ғылыми әлеуетін көтеру және академиялық, ғылыми қызметін біріктіруді арттыру мақсатында:<br>2.1 Институт ПОҚ белсенді тартылсын:<br>- «Web of science», «Scopus», «Jstore» мәліметтер базасы бойынша Хирша индексі бар халықаралық ғылыми журналдарда мақала жариялау;<br>- авторлық куәлік пен патенттер алуға құжаттар дайындау | Ғылыми ісі жөніндегі проректор В.Н. Косов, ғылым басқармасының бастығы М.Е.Оспанов, Институт директоры Б.С. Жұмағұлов, кафедра меңгерушілері | **Үнемі** |
| | 2.2 Мақсатты даярлық аясында дайындалған PhD докторлардың санын арттыру бойынша кафедралар жұмысы жандандырылсын | | |
| | 2.3 Студенттер мен магистранттардың халықаралық, республикалық ғылыми-студенттік конференцияларға, пәндік олимпиадаларға қатысуына сапалы дайындық үшін Институт кафедраларының қызметі, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті жандандырылсын. | Ғылыми ісі жөніндегі проректор В.Н. Косов, ғылым басқармасының бастығы М.Е.Оспанов, Институт директоры Б.С. Жұмағұлов, кафедра меңгерушілері | **Үнемі** |
| 3 | 3.1 5В011500 – Құқық және экономика негіздері мамандығын халықаралық аккредитация бағдарламасына кіргізу туралы ұсыныстар енгізілсін. | Бірінші проректор М.Е. Ермағанбетов, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі проректор Ғ.Қ. Кенжебаев, Институт директоры Б.С. Жұмағұлов, кафедра меңгерушілері | **2016 жылдың 30 желтоқсанына дейін** |
| | 3.2 5В020600 – Дінтану (бакалавриат) мамандығын ашу мүмкіндігі қарастырылсын. | | **2017 жылдың 1 наурызына дейін** |

**Бас ғалым хатшы** **А.Т. Искакова**